

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қазанда № 21487 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржы құралдары және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4707 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2007 жылғы 17 тамыздағы № 126 (1329) санында жарияланған).

2. "Егістіктің жойылған алқаптарын анықтау әдістемесін және Өнімнен болжанатын кірісті анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 316 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 шілдедегі № 443 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6376 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 506-512 (26355) сандарында жарияланған).

3. "Гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/156 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11178 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/171 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11115 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. "Міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алқаптың бір гектарына жұмсалатын шығындар нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/172 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11418 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

6. "Қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың критерийлері мен сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/174 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11152 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

7. "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидаларын және қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеп-қарау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 9-2/175 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10683 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

8. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 9-2/695 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12014 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

9. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 9-2/702 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12024 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

10. "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 401 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17627 болып тіркелген, 2018 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).